

2023 – 2024 оқу жылындағы тамақтандыру бойынша ақпарат

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 4/3895 кепілдік хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап № 1 қосымшаға сәйкес 1-4 сынып оқушылары (23 оқушы) түгелдей ыстық тамақпен қамтылды және №2 қосымшасына сәйкес жекелеген санаттағы яғни 1 категория бойынша 2 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзірі бойынша 2023 жылдың қыркүйек айында бір балаға шаққанда 507 теңге болды, ал 2024 жылдың қаңтар айында 603 теңге көлемінде тамақтандырылады.

Әлеуметтік педагог осы оқушыларды ыстық тамақ ішетіндердің тізіміне енгізді. Бұйрық шығып, тізім бекітілді. Асханада күнделікті ас мәзірін қадағалау, азық – түлік сапасын, санитарлық жағдайын қадағалау медбикесіне міндеттелді.

Мектептегі ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру және асханадағы ыстық тамақ беру кезінде бракераж комиссиясы өздеріне тиісті міндеттерін орындады. Бекітілген ас мәзіріне сай ыстық тамақты дәмді, нормаға сай және сапалы дайындау мектеп аспазшысына жүктелді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын тіркеу күнделікті есебін жүргізу әлеуметтік педагог Асанғалиева М.О жүктелінеді.

Мектеп асханасы қажетті заттармен, сапалы азық түлікпен қамту асхананы жалға алушы ӘЛІП. К. Ә, мектепті сапалы сумен қамтамасыз ету шаруашылықпен айналысатын Сүндетова А жүктелінді. Диспансердегі таза сулар асханада және фойеде орналасқан.

Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы есеп Пед. Кеңесте әлеуметтік педагогке жүктелген. Мектепте бракераж комиссиясының құрамы құрылып, жоспар бекітілді. Мониторинг, бракераж комиссиясы әр тоқсан сайын асхананы тексеріп отырады.




4 сынып білім алушыларына ауылдық аумблатория медбикесі мен әлеуметтік педагог «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында дәрігерлік кеңес сабағын өткізді.

«Дұрыс тамақтану» тақырыбында оқушыларға дәрігерлік кеңестер берілді. Оқушыларға дұрыс тамақтану туралы білімдерін кеңейту, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу сонымен қатар тазалық гигиенасы туралы ережелерді түсіндіру.



Қаңтардың 16 күні 2 – 6 сынып білім алушылармен дұрыс тамақтану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 20 білім алушыда 100% ия деп жауап берді. Сауалнама мәтінінде асханадан жиі тамақтанасың ба, мектеп асханасында тамақтың дайындалуы саған ұнай ма тағы сол сияқты сұрақтар берілді. Мектеп асханасы білім алушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Білім алушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсетті.



Мектепте аптасына бір рет бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың ата – аналарын «Ашық есік» күндері ұйымдастырылды.

